



Автор: Жаугаштина Индира Сансызбаевна

Пән: Қазақстан тарихы

Сынып: 6-сынып

Бөлім: XIII – XV ғасырдың I жартысындағы Қазақстан

Тақырып: Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуында Ақ Орданың орны қандай

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	□ XIII-XV ғғ. Қазақстан аумағында құрылған мемлекеттерді білу және картаны қолдану арқылы саяси үдерістерді түсіндіру. □ Қазақстан аумағындағы мемлекеттердің билік жүйесінің ерекшеліктерін анықтау □ Тарихи оқиғалардың өзара байланысын анықтап, Қазақстан аумағында XIII – XV ғғ. құрылған мемлекеттердің сыртқы саясатын талдау.
Сабақтың мақсаты:	-Ақ Орда мемлекетінің пайда болуын біледі; -саяси картаны қолданып мемлекеттің аумағын мен астанасын көрсетеді; -Ақ Орданың билік жүйесі мен қоғамдық құрылымын анықтайды; -Ақ Орда хандарының саясатын талдайды; -Ақ Орданың ыдырау себептерін түсінеді.
Тілдік мақсаттар:	Менің ойымша Ақ Орданың пайда болуы..... Ақ Орданың құрылуы маңызды болды/болған жоқ.....себебі..... Орда, хан, сұлтан, уәзір, империя, жасақ.
Күтілетін нәтиже:	1. XIII-XV ғасырларда Қазақстан аумағында құрылған мемлекеттердің саяси үдерістерін анықтайды. 2. Оқушылар берілген деректерден барынша ақпарат алып, оны талдап, қорытынды шығарады
Бағалау критерийлері:	• Ақ Орданың пайда болуына байланысты екі нақты сұраққа жауап береді; • Саяси картада Ақ Орда мемлекетінің территориясын көрсете алады. • Сызба арқылы Ақ Орданың билік жүйесі мен қоғамдық құрылымын талдайды; • Ақ Орданың кемінде үш ханының саясатына баға береді; • Ақ Орда мемлекетінің ыдырауының кемінде екі себебін анықтайды
Құндылықтарды дарыту:	- патриотизм - батылдылық - көшбасшылық - төзімділік - бостандық
АКТ-ны қолдану дағдылары:	АКТ дағдыларындамыту. (ноутбук, интербелсенді тақта)
Пәнаралық байланыс:	География, Дүниежүзі тарихы
Бастапқы білім:	Қазақстан жерінде моңғол экспансиясына дейін түркі тілдес тайпалардың этносаяси бірлестігі қалыптасқанын және олардың әлеуметтік – экономикалық, саяси, мәдени жағдайын біледі.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 мин)	Сәлемдесу,ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру. Миға шабуыл	сұрақтар карточкалар

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (25 ми)	<p>Б Сынып оқушыларына Астанадағы елбасы резиденциясының суретін көрсетіп, төмендегі сұрақтарды қоямын. Кіріспе сұрақтар Мына сурет сіздерге таныс па? Ғимарат қалай аталады? Не себепті Ақ Орда деп аталады? Бұл суреттің бүгінгі тақырыппен қандай байланысы болуы мүмкін? М Ақ Орда мемлекетінің құрылуы туралы қысқаша мәлімет беріп картадан жер аумағын көрсету. Зерттеу сұрақтары: > Ақ Орданың Алтын Ордадан бөліну себебі неде? > Ақ Орда мемлекетінің ішкі және сыртқы саясатықандай болды? I тапсырма Оқушыларға Ақ Орда мемлекеті тарихына қатысты бейнебаян көрсетіледі. Критерий: 1. «Түртіп алу» стратегиясы. Қажетті мәліметтерді дәптерге түсіріп отыру. 2. Ақ Орданың сыртқы саясатындағы маңызды оқиғаларды ажырату. 3. Бейнематериал бойынша кесте толтыру. Әр жауап 1 балмен бағаланады. Барлығы 7 балл.</p> <p>№ Сұрақтар Жауаптары 1 Ақ Орданың негізін қалаған кім? 2 Ақ Орданың тұсында күшейді? 4 Бұл мемлекеттің тарихын қанша кезеңге бөліп қарастырамыз? 5 Ұрұс хан қай жылдары қама бұлғарларын талқандады? 6 1395 жылы Теректі шайқасының нәтижесі қандай болды? 7 Ақ Орданың әлсіреу себептері II тапсырма Мәтінмен жұмыс Бағалау критерийлері: Оқушылардың басым бөлігі: Ақ Орданың пайда болуына байланысты екі нақты сұраққа жауап береді; Саяси картада Ақ Орда мемлекетінің территориясын көрсете алады. Сызба арқылы Ақ Орданың билік жүйесімен қоғамдық құрылымын талдайды; Ақ Орданың кемінде үш ханының саясатына баға береді; Ақ Орда мемлекетінің ыдырауының кемінде екі себебін анықтайды. Кейбір оқушылар: Ақ Орданың пайда болуына байланысты екі нақты сұраққа жауап береді; Саяси картада Ақ Орда мемлекетінің территориясын көрсете алады. Сызба арқылы Ақ Орданың билік жүйесі мен қоғамдық құрылымын талдайды; Ақ Орданың барлық ханының саясатына баға береді; Ақ Орда мемлекетінің ыдырауының негізгі және қосалқы себептерін маңыздылық дәрежесіне қарай анықтайды және дәлелдейді; 1. Оқушылармәтіндегі бірінші тақырыпшаны оқып, екі сұраққа жауап бередіжәне кескін картамен жұмыс істейді. 1.Ақ Орда мемлекеті қай уақытта өмір сүрді?_____ 2.Ақ Орданың құрылуы туралы кімдер зерттеді_____ 3. Кескін картамен жұмыс. А) Ақ Орданың аумағын, шекараларын белгілеңіз. В) Ақ Орданың астанасын белгілеңіз. 2. Тірек-сызбамен жұмыс істеу арқылы Ақ Орданың қоғамдық құрылысын анықтайды. 3. Ақ Орда хандарының саяси бағыттарына сипаттама береді. 4. Ақ Орданың ыдырауының ең басты себебі неде деп ойлайсыз?_____ III тапсырма Мұғалім интерактивті тақтада суреттер мен кілттік сөздерді шығарады. Оқушылар суреттер мен кілттік сөздерді байланыстырып әңгіме құрастырады. Критерий: 1. Тақырыптың ашылуы; 2. Кілт сөздердің жүйелі қолданылуы; 3. 5 сөйлем жазу; IV тапсырма Интерпретация Т Оқушыларға «Тұлғаны таны» рөлдік ойынын беремін. - «Ақ Орданың тәуелсіздігіне мен алғаш рет қол жеткіздім!». - «Біз мемлекетімізді нығайту үшін ислам дінін нығайттық». - «Әмір Темір болмағанда, Мәскеу біздің астанамыз болар еді...». - «Мен әлемді жаулап алмағанда, олар бізге қылыш көтерер еді». Оқушылар осы цитаталардың қандай ханға байланыстылығын анықтап, топтан бір оқушы ханның бейнесін сомдауы қажет. Критерий: 1. Тарихи тұлға бейнесінің ашылуы; 2. Сөзінің нақты дәлел мен дәйекке құрылуы. Оқушылар өзін-өзі бағалау парақтарын толтырады.</p>	<p>Моңғол империясының картасы. https://yandex.kz/images/search?text=%D0%BC%D0%BE%D0%BD%D2%93%D0%BE%D0%BB%20%D0%B8%D0%BC%D0%BF%D0%B5%D1%80%D0%B8%D1%8F%D1%81%D1%8B%20%D0%BA%D0%B0%D1%80%D1%82%D0%B0&stype=image&lr=163&noreask=1&source=wiz&uinfor=sw-1366-sh-768-ww-1349-wh-631-pd-1-wp-16x9_1366x768-lt-598 https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%90%D2%9B_%D0%9E%D1%80%D0%B4%D0%B0_(%D0%BC%D0%B5%D0%BC%D0%BB%D0%B5%D0%BA%D0%B5%D1%82)) Сүлейменов атын. шығыстану ин-ты: 1-том.: Моңғолдың құпия шежіресі.- Алматы, Дайк-пресс, 2006.Т. Сұлтанов. Шыңғыс хан және оның ұрпақтары. – А: Мектеп, 2007 КөркемсуреттіҚазақстан тарихы. 2 том.Қазақстан алтын Ордадәуірін... Жанайдар О. Қазақ энциклопедиясы, 2006 ж. Ақ Орда мемлекеті http://e-history.kz/kz/contents/view/1947 Қазақ елі. Қазақстан тарихы. Kazak eli. 1 seriya. http://www.youtube.com/watch?v=Jkuzz_U8D-E http://www.vostlit.info (Восточная литература. Средневековые исторические источники Востока и запада).</p>
Сабақтың соңы (5 мин)	<p>Кері байланыс: Менің қиналғаным..... Менің түсінбегенім..... Менің үйренгенім Бағалау. Мұғалім оқушыларға оқу мақсатына қаншалықты жеткенін айтады.</p>	стикер
Рефлексия (5 мин)	<p>Үй тапсырмасы:Венн диаграммасын жасап, Ақ Ордамен Алтын Орданың сыртқы саясатын салыстырады. Ұқсастықтары мен айырмашылықтарын жазады.</p>	